

Арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен, жеке қорғанудың басқа да құралдарымен және алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етудің және оларды пайдаланудың тәртібі туралы НҰСҚАМА

Күшін жойған

Бұйрық Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі 1997 жылғы 2 маусымдағы N 90-П. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 жылғы 18 маусымда тіркелді. Тіркеу N 321. Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 2005 жылғы 27 қаңтардағы N 22-а (V053456) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен 1997 ж. 02 маусымында келісілген	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің 1997 ж. 2 маусым N 90-П бұйрығымен бекітілген
--	---

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігімен 1997 ж. 6 маусымда келісілген	Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1997 ж. N 321 тіркелінген
---	---

Осы Нұсқама қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен, жеке қорғанудың басқа да құралдарымен және алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етудің, сондай-ақ азаматтардың осы құралдарды өмірі мен денсаулығына зиянды және қауіпті қызметтерді атқарған кезде пайдалануының тәртібіне қойылатын талаптарды айқындайды.

I. Жалпы ережелер

1.1. "Еңбекті қорғау туралы" Қазақстан Республикасы заңының 15-бабына сәйкес жұмыс беруші еңбек шарттары бойынша меншік иесінің қаражаты есебінен қызметкерлерді арнайы киіммен, арнайы аяқкиіммен және жеке қорғанудың басқа да құралдарымен (бұдан әрі- жеке қорғану құралдары) мемлекеттік басқару органдарының және ұжымдық шарттың ережелері бекітетін нормалардан кем емес нормада қамтамасыз етуге міндетті.

1.2. Ұйымдардың қызметкерлері еңбек процесі барысында жұмыс беруші қаражаты есебінен медициналық қызметпен және алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етілуге құқылы.

1.3. Автомобильді немесе көліктің басқа түрін жеке меншігі ретінде

пайдаланатын не адам өмірі мен денсаулығына зиянды әрі қауіпті қызметтің өзге түрін орындаушы азаматтарда қолданылып жүрген нормалар мен ережелерге сәйкес жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдары болуға тиіс.

1.4. Осы Нұсқаманың күші ұйымдарға, жеке кәсіпкерлерге, меншік және шаруашылықты жүргізу нысандарына қарамастан кез келген заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі - жұмыс беруші), еңбек міндеттерін тұрақты немесе уақытша жалданып атқаратын қызметкерлерге, сондай-ақ адам өмірі мен денсаулығына зиянды әрі қауіпті басқа да қызметтермен айналысатын а з а м а т т а р ғ а қ а т ы с т ы .

1.5. Қызметкерлерге жеке қорғану құралдарын тегін берудің нормаларын (бұдан әрі - норма) Қазақстан Республикасының салалық министрліктері мен ведомстволары, кәсіподақтармен немесе қызметкерлердің басқа да өкілетті органдарымен келісетін бірлестіктер әзірлейді және оны Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі не оның жергілікті жерлердегі уәкілетті бөлімшелері бекітеді.

1.6. Бірлестікке енбейтін заңды тұлғалар, сондай-ақ заңды тұлға құрмаған жұмыс берушілер министрліктер мен ведомстволардың экономиканың тиісті саласы үшін әзірлеген нормаларын басшылыққа алады. Осы құжаттарда қажетті кәсіптер мен лауазымдар болмаған жағдайда осыған ұқсас кәсіптер мен лауазымдардың нормалары қолданылады.

1 . 7 . Н о р м а л а р д а :
кәсіптер мен лауазымдардың атаулары;
арнайы киім мен арнайы аяқкиімнің (жазғы және қысқы) түрлері;
жеке қорғану құралдарының басқа да түрлері мен атаулары (респираторлар, қорғаныш көзілдіріктері, противогаздар және т.б.);
айлар бойынша пайдаланылу мерзімдері көрсетілуге тиіс.

1.8. Нормаларға толықтырулар мен өзгертулер енгізу оларды бекіту тәртібіндегі сияқты жүргізіледі.

1.9. Қорғау белдігі, электр өткізбейтін галоштар мен қолғаптар, электр өткізбейтін резеңке төсеніштер, қорғаныш көзілдіріктері мен қалқаншалар, респиратор, противогаз, қорғаныш дулыға, дулыға астынан киетін баскиім, мұрын қорғағыш, каска, иық қорғаныш, шынтақ қорғағыш, антифондар, дыбыс бәсеңдеткіш, шудан қорғайтын дулығалар, жарық сүзгіштер, дірілді өткізбейтін қолғаптар мен басқа да заттар сияқты жеке қорғану құралдары нормада көзделмеген жағдайда олар қызметкерлерге орындайтын жұмысының сипаты мен жағдайына қарай олардың тозығы жеткенше немесе керек кезінде п а й д а л а н у ғ а б е р і л е д і .

1.10. Еңбек міндеттерін орындауға қатысты емес азаматтарға арналған жеке

қорғану құралдарының және алғашқы медициналық көмектің нормалары мен түрлері тиісті нормативтік құқылық актілерде көзделеді.

2. Жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарын пайдалану көзделінетін шарттар

2.1. Жеке қорғану құралдарын міндетті түрде пайдалану азаматтар адам өмірі мен денсаулығына қауіпті әрі зиянды факторлармен байланыста еңбек еткенде немесе басқа қызмет атқарғанда көзделеді.

2.2. Салалық нормалар негізінде қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау жөніндегі талаптарға сәйкес жұмыс беруші кәсіподақпен не қызметкерлердің өзге де уәкілетті органымен бірлесе отырып сол ұйымда жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз етілуге жататын қызметкерлер кәсіптері мен лауазымдарының тізбесін (тізімін) жасауға тиіс. Осы тізбе (тізім) және қызметкерлерге медициналық қызмет көрсету мен оларды алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер ұжымдық шартқа енгізіледі, ал ол болмаған жағдайда жалданып жұмыс істеу шартында көзделеді.

2.3. Демалысты (туризм, саяхат және т.б.) не азаматтар қарастырылатын шараларды ұйымдастырғанда және олардың адам өмірі мен денсаулығына қауіпті әрі зиянды факторлармен қатынаста болуы мүмкін болған жағдайда осы шараларды қамтамасыз ететін ұйымдар өздерінің Жарғысына (Ережесіне) сәйкес азаматтарды тиісті жеке қорғану құралдарымен және алғашқы медициналық көмекпен қамтамасыз етуді көздеуге тиіс.

3. Жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек көрсету құралдарын сатып алудың және оларды берудің тәртібі

3.1. Жұмыс берушілер жеке қорғанудың және алғашқы медициналық көмектің сертификатталған құралдарын ғана сатып алуға тиіс. Республика аумағында шығарылатын осы бұйымдарды министрліктер олардың түріне қарай с е р т и ф и к а т т а й д ы .

3.2. Жеке қорғану құралдары қызметкерді жұмысқа қабылдағанда немесе басқа жұмысқа ауыстырғанда не осы құралдардың пайдалану мерзімі біткенде б е р і л е д і .

3.3. Жеке қорғану құралдарының пайдаланылу мерзімі күнтізбелік арқылы белгіленеді және оларды нақты берген күннен бастап есептеледі.

3.4. Қызметкерлерге берілген жеке қорғану құралдары жұмыс берушінің меншігі болып саналады, оларды пайдалануға бергенде ол қызметкерлердің е с е б і н е е н г і з і л е д і .

3.5. Жұмыс беруші жұмыстың сипаты мен жағдайына қарай кәсіподақпен немесе қызметкерлердің өзге де уәкілетті органымен бірлесе отырып жеке қорғану құралдарының кезекпен ұжымдық пайдаланылуын белгілейді.

3.6. Кезекпен пайдаланылатын жеке қорғану құралдары тиісті өндірістік бөлімшенің қоймасында жатуға тиіс және қызметкерлерге олар көзделген жұмыстарды орындайтын кезде ғана беріледі немесе белгіленген жұмыс орындарына бекітіледі (мәселен, жол күзеттерінде киетін тұлыптар, электр қондырғыларын орнатқан кезде киетін электр өткізбейтін қолғаптар) және бір сменадан екінші сменаға өткізіледі. Бұл реттерде жеке қорғану құралдары мастерлердің немесе әкімшілік-техникалық қызметкерлері қатарындағы басқа да мад арға беріледі.

Олардың пайдаланылу мерзімдері нормаларға сәйкес жеке пайдаланылуға берілетін жеке қорғану құралдары түрінің пайдаланылу мерзімдеріне сәйкес келуге тиіс.

3.7. Нормада көзделген жылы арнайы киімдер мен аяқкиімдер (астары жылы мақта-матадан тігілген костюмдер мен курткалар, суықтан қорғайтын курткалар, теріден жасалған костюмдер, тұлыптар, қысқа тондар, пималар, құлақшындар, тері қолғаптар және т.б.) қызметкерлерге суық түскенде беріледі және күн жылына бастағанда жұмыс берушіге келесі маусымға дейін ұйымдастырылған түрде сақтау үшін өткізіледі.

3.8. Жылы арнайы киімдер мен аяқкиімдер пайдаланылып болғаннан кейін профилактикалық өңдеуден өткізіледі, ал оларды қабылдап алғанда иесіздікті болдырмау үшін осы арнайы киімдер мен аяқкиімдердің жеке-жеке аты жазылып тізім бойынша өткізіледі. Сақталуда болғаннан кейін жылы арнайы киімдер мен аяқкиімдер сақтауға өткізген қызметкерлердің өздеріне қайтарылады.

3.9. Оқытудың топтық және жеке нысанындағы оқушыларға, кәсіптік-техникалық училищелердің, жалпы білім беретін мектептердің, орта арнайы оқу орындарының оқушылары мен жоғары оқу орындарының студенттеріне өндірістік практикадан өтіп жүрген (өндірістік оқу) кезіне жеке қорғану құралдары тиісті кәсіптің қызметкерлеріне арналған нормалар бойынша беріледі.

3.10. Кәсіпті қоса атқаратын немесе қосымша жұмыстарды үнемі, соның ішінде кешенді бригадаларда орындайтын қызметкерлерге негізгі кәсібі бойынша оларға берілетін жеке қорғану құралдарынан басқа орындайтын жұмысына қарай қосымша атқаратын кәсіп үшін көзделген жеке қорғану құралдарының басқа да түрлері сол пайдаланылу мерзіміне беріледі.

3.11. Жұмыс беруші жеке қорғану құралдарының қызметкерлерге берілуіне тиісінше есеп жүргізіп, бақылау жасауға міндетті.

4. Жеке қорғану құралдарына және олардың сақталуына қойылатын талаптар

4.1. Жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдары стандарттарға және техникалық шарттарға сай келуге тиіс.

4.2. Жеке қорғану құралдары техника қауіпсіздігінің талаптарына жауап беруге, алып жүруге ыңғайлы болуға, қозғалысқа кедергі жасамауға, пайдаланушыға өздерінің бойы мен денесіне лайықты етіп таңдап алынуға және б е р і л у г е т и і с .

4.3. Талаптарға сай келмейтін немесе қызметкерге қатысты емес себептерге байланысты белгіленген пайдаланылу мерзімінен бұрын істен шыққан арнайы киімдер мен аяқкиімдер ауыстырылуға жатады.

4.4. Жеке қорғану құралдары (респираторлар, противогаздар, өзін өзі құтқарушылар, қорғаныш белдіктері, мұрын қорғағыштар, дулығалар мен басқа да заттар) үнемі сынақтан өткізіліп, тексеріліп тұруға жатады, ал сүзгіштер, стеклолар мен қорғау құралдарының қорғағыш қасиеттері төмен заттар өз уақытында ауыстырылуға жатады. Жеке қорғану құралдарына тексеру жүргізгеннен кейін олардың келесі сынақтың өткізілу мерзімі көрсетіліп белгі (таңба , штамп) қ о й ы л у г а т и і с .

4.5. Жеке қорғану құралдары өздерінің төлқұжаттарына сәйкес кейін осы заттарды пайдаланатын қызметкерлерге зиян келтіруі мүмкін уытты, улы заттар мен материалдардан аулақ жеке құрғақ бөлмелерде сақталуға тиіс.

4.6. Денсаулыққа қауіпті әрі зиянды жұмыстарда пайдаланылатын жеке қорғану құралдары (қорғасын, оның қорытпалары және қосындылары, сынап, этильді бензин, радиоактивті заттар және т.т.) санитарлық бақылау органдары бекітетін нұсқамалар мен сілтемелерге сәйкес сақталуы керек.

5. Жеке қорғану құралдарын қолдану тәртібі

5.1. Адам өмірі мен денсаулығына қауіпті әрі зиянды факторларының әсері бар жұмыс не басқа қызмет кезінде азаматтар жеке қорғану құралдарын п а й д а л а н у г а т и і с .

5.2. Жұмыс беруші қызметкерлердің жұмыс кезінде өздеріне берілген жеке қорғану құралдарын пайдалануын қадағалауға және олар үшін жауап беруге м і н д е т т і .

5.3. Жеке қорғану құралдарын пайдалануға, оларға күтім жасауға қойылатын талаптар ұйымның ішкі еңбек тәртібінің ережелерінде не жалдап жұмыс істеудің шартында (контрактісінде) көрсетілуге тиіс.

Белгіленген жеке қорғану құралдарынсыз, не олар гигиеналық талаптарға сай келмесе, не бұзық болған жағдайда қызметкерлер жұмысқа жіберілмейді.

5.4. Осы құралдарды пайдаланушылар жеке қорғану құралдарына ұқыпты б о л у г а т и і с .

5.5. Қызметкерлер жеке қорғану құралдарын тазалау, жуу, кептіру, жөндеу, газсыздандыру, активсіздендіру, дезинфекциялау, майын және шаңын кетіру (бұдан әрі - профилактикалық өңдеу) қажеттігі туралы жұмыс берушіні дер кезінде х а б а р д а р е т у г е т и і с .

5.6. Жұмыс беруші жеке қорғану құралдарының түрін берген кезде қызметкермен осы құралдарды пайдалану және олардың бұзық еместігін тексерудің қарапайым әдісі бойынша нұсқамалық жұмыс жүргізуге, ал тіпті қажет болған жағдайда оларды пайдалану жөнінде жаттықтыру жұмысын жүргізуге тиіс.

5.7. Қызметкерлерге берілген жеке қорғану құралдарын сақтау үшін жұмыс беруші санитарлық нормалардың талаптарына сәйкес арнайы жабдықталған (шешініп-кинетін) бөлме беруге міндетті.

5.8. Жекелеген жағдайларда жұмыс шарты бойынша жеке қорғану құралдарының жоғарыда аталған сақталу тәртібін сақтау мүмкін болмаған реттерде (мәселен, ағаш дайындау, геологиялық барлау жұмыстарында) олар жұмыстан тыс кезде қызметкерлердің өздерінде қалуы мүмкін, ал бұл ұйымның ішкі еңбек тәртібі ережелерінде немесе ұжымдық шарттарда көрсетілуге тиіс.

Жеке қорғану құралдарының сақталуы үшін жауапкершілік қызметкерлердің өздеріне жүктеледі.

6. Жеке қорғану құралдарына күтім жасау

6.1. Жұмыс беруші меншік иесінің қаражаты есебінен белгіленген мерзім ішінде жеке қорғану құралдарына тиісінше күтім жасауды ұйымдастыруға міндетті. Профилактикалық өңдеуден өткізуге, сондай-ақ жеке қорғану құралдарын жөндеуге тиіс.

6.2. Ал бұл еңбек шарты бойынша талап етілетін реттерде ұйымдарда (цехтарда, учаскелерде) кептіргіштер, жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеуге арналған камералар мен қондырғылар орнатылуға тиіс.

6.3. Жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеуден өткізу және жөндеу қызметкерлер жұмыс істемейтін кезде (демалыс күндерінде) немесе сменааралық үзілістер кезінде жүргізілуге тиіс.

6.4. Егер нормаларда жұмысшылармен қызметшілерге арнайы киім мен арнайы аяқкиімнің екі немесе үш топтамасын беру (мәселен, радиоактивтік заттармен жұмыс істегенде) көзделген болса жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеу мен жөндеу басқа уақытта жүргізілуге тиіс, демек қызметкерлерге осы уақыт үшін сменалық топтамалар беріледі.

6.5. Жеке қорғану құралдары кірлеп қалғанда немесе оны белгіленген уақытынан бұрын жөндеу қажет болған реттерде профилактикалық өңдеу мен жөндеу мерзімінен бұрын жүргізілуге тиіс.

6.6. Жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеуден өткізген кезде олардың қорғау қасиеті қамтамасыз етілуге тиіс.

6.7. Адам өміріне қауіпті әрі зиянды жұмыстарда (қорғасын, оның қорытпалары мен қосындылары, сынап, этильді бензин, радиоактивті заттар және

т.б.) істейтін қызметкерлердің жеке қорғану құралдарын профилактикалық өңдеуден өткізу санитарлық қадағалау жасайтын органдардың нұсқамаларымен сілтемелерге сәйкес жүргізіледі.

6.8. Қызметкер жұпалы аурумен ауырғанда оның пайдаланған жеке қорғану құралдары мен олар сақталған бөлмеге тиісінше дезинфекция жасалуға тиіс, соның ішінде оны дезостанциялар немесе санитарлық эпидемиялық станциялардың дезинфекциялық бөлімдері жасауға тиіс.

6.9. Арнайы аяқкиім үнемі тазаланып, майланып отыруға тиіс, ол үшін қызметкерлерге тиісінше жағдайлар (аяқкиім тазалайтын орындар, щеткалар, майлар және т.б.) жасалынуға тиіс.

7. Жұмыс орындарын алғашқы медициналық көмек құралдарымен қамтамасыз ету

7.1. Зардап шегішуге алғашқы медициналық көмек көрсету мақсатында жұмыс беруші өндірістік, коммерциялық және қауіп-қатері жоғары өзге бөлімшелердегі жұмыс орындарын, автомобильдерді және көліктің басқа түрлерін алғашқы медициналық көмек құралдарымен қамтамасыз етуге және олардың осылармен жабдықталуына жауапкершілікті тағайындауға міндетті.

7.2. Азаматтың жеке пайдалануындағы автомобиль не басқа көлік жол жүру Ережесіне сәйкес алғашқы медициналық көмек құралдарымен және өрт сөндіргіш заттармен жабдықталуға тиіс.

7.3. Алғашқы медициналық көмек құралдары жұмыс орындарындағы арнайы дәріханаларда немесе пайдалануға ыңғайлы жақын жерлерде сақталуға тиіс.

7.4. Шағын дәріханалар сертификатталған алғашқы медициналық көмек құралдарымен уақытында және толығынан жабдықталуға тиіс.

7.5. Шағын дәріханаларды жабдықтауға арналған дәрі-дәрмектердің тізбесін, олардың сақталу мерзімдері мен қолданылу нормаларын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі белгілейді.

8. Жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарымен қамтамасыз ету және олардың пайдаланылуы үшін жауапкершілік, оларды бақылау мен қадағалау

8.1. Заңға сәйкес қызметкерлерді жеке қорғану құралдарымен уақытында әрі толығымен қамтамасыз ету, олары профилактикалық өңдеу, жөндеу, сондай-ақ жұмыс орындарын алғашқы медициналық көмек құралдарымен жабдықтау үшін жауапкершілік жұмыс берушіге жүктеледі.

8.2. Арнайы киімде, арнайы аяқкиімді және жеке қорғану құралдарының басқа түрлерін жоғалтып алуына немесе ұқыпсыздығынан бүлдіріп алуына, алғашқы медициналық көмек құралдарына немесе басқа жағдайларға (ұрлап алу немесе қасақана бұзу) байланысты жұмыс берушіге келтірген зияны үшін

қызметкерлерге материалдық жауапкершілік жүктеледі.

8.3. Кәсіпкерлер өз жұмысын жүзеге асыру мақсатында ұйымдастырылған түрде азаматтарды жинаған жағдайда олардың жеке қорғану және алғашқы медициналық көмек құралдарымен қамтамасыз етілуі үшін жауап береді.

8.4. Адамдардың жеке пайдалануындағы автомобильдерді және басқа жүру құралдарын шағын дәріханалармен және өрт сөндіргіш заттармен жабдықтау үшін жауапкершілік олардың иелеріне жүктеледі.

8.5. Осы Нұсқаманың қағидаларының орындалуы үшін жауапкершілік еңбекті қорғау және еңбек жағдайы үшін мемлекеттік қадағалау және бақылау органдарына, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау министрлігі жанындағы Мемлекеттік автоинспекция және Мемлекеттік санитарлық эпидемиялық қадағалау комитетіне жүктеледі.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Жеке қорғану, алғашқы медициналық көмек құралдарын беру және оларды пайдалану жөніндегі еңбек таластарын еңбек таластары жөніндегі комиссия қарайды.

9.2. Осы Нұсқаманың 1 тарауында көрсетілген жеке қорғану құралдарын қызметкерлерге тегін берудің нормалары әзірленгенге және бекітілгенге шейін КСРО-ның еңбек жөніндегі Мемлекеттік комитеті мен Кәсіптік Одақтар Бүкілодақтық Орталық Кеңесі Президиумының 1978-1982 жылдардағы кезеңге арналған, 1984-1991 жылдары өзгерістер енгізілген қаулысымен бекітілген жұмысшылар мен қызметшілерге арнайы киімдер мен арнайы аяқкиімдерді және жеке қорғанудың басқа да құралдарын тегін берудің Үлгілік салалық нормалары қолданылады.